Қазақстан қор биржасы
Казахстанская фондовая биржа
Kazakhstan Stock Exchange

Республика Казахстан, г. Алматы
БЦ "Алматы Тауэрс", 8 этаж
Тел.: +7 (727) 237 5342, email: pr@kase.kz

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қаласы 2026 жылғы 14 шілде

KASE биржа нарығының 2026 жылдың II тоқсаны мен бірінші жартыжылдығындағы жұмысының нәтижесін жариялайды

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) өзінің 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қызметінің негізгі нәтижесін хабарлайды:

- KASE-де жасалған сауда-саттықтың жиынтық көлемі 261,9 трлн теңгені құрап, 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 48,8% немесе 85,9 трлн теңгеге ұлғайды.
- Жыл басынан бері KASE индексінің мәні 9,7 % өсіп, 7 712,53 пунктке жетті.
- Жыл басынан бері акциялар нарығының капиталдандырылуы 21,9 % немесе 8,6 трлн теңгеге өсіп, 47,6 трлн теңгеге жетті. Корпоративтік борыштың сауда-саттықтағы көлемі 3,3 % өсіп, 16,8 трлн теңгеге жетті.
- 2026 жылдың басынан бері 29 жаңа эмитент листинг рәсімінен өтті, оның ішінде біреуі – акциялар секторында, тоғызы – KASE Global секторында және 19-ы – корпоративтік облигациялар секторында.
- 2026 жылдың 01 шілдесіндегі жағдай бойынша KASE-нің сауда-саттық тізімдерінде 306 эмитенттің 1 015 атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздары болды.

НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында KASE-нің қатысуымен бірқатар негізгі іс-шара өткізілді.

05 наурызда KASE мен TECHNOWOMEN Ring the Bell for Gender Equality & Her Venture 2026 іс-шарасын өткізді.

10 сәуірде KASE алаңында еліміздегі KASE индекстеріне негізделген алғашқы биржалық инвестициялық қорлардың (ETF) пайларымен сауда-саттық ашылуының салтанатты рәсімі өтті.

27 сәуірде KASE алаңында Қазақстан Іскер әйелдер қауымдастығымен серіктестікте ұйымдастырылған және қаржы секторының, халықаралық ұйымдардың, бизнестің және сарапшылық қоғамдастықтың өкілдерін біріктірген "Болашақ экономикасындағы әйелдер көшбасшылығы" атты іскерлік пікірталас өтті.

Мамыр айында еліміздің борыштық құралдар нарығын жүйелі түрде сипаттайтын алғашқы кешенді басылым – "Қазақстан Республикасының облигациялар нарығы жөніндегі нұсқаулық" (Bond Market Guide for Kazakhstan) жарияланды. Құжатты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, KASE, "Астана" халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) және Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі (KCSD) бірлесіп, Азия даму банкінің (АДБ) қолдауымен әзірледі.

Мамыр айында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі KASE-ні цифрлық платформалар операторларының тізілімдеріне 001 тіркеу нөмірімен енгізді. Бұл Биржаның Қазақстан Республикасында қалыптасып жатқан цифрлық қаржы активтері нарығының реттелетін инфрақұрылымының негізгі элементтерінің бірі ретінде танылғанын білдіреді.

22 мамырда Алматы қаласында цифрлық активтерге, токенизацияға және финтехтің дамуына арналған Қазақстандағы алғашқы халықаралық конференция – Solana Summit Kazakhstan 2026 өтті. Оның стратегиялық серіктесі KASE болды.

KASE жетекші криптовалюталарға негізделген биржалық инвестициялық қорларды (ETF): BlackRock басқаруындағы Bitcoin мен Ethereum-ге негізделген споттық ETF және Volatility Shares инвестициялық компаниясының Solana-сына негізделген қорды листингке енгізді. Аталған құралдар Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен өзара іс-қимыл аясында іске асырылған реттеушілік "құмсалғыш" шеңберіндегі арнайы реттеу режимінде сауда-саттыққа жіберілді. Сауда-саттыққа жіберудің бастамашысы "Standard" инвестициялық компаниясы" АҚ болды.

Бизнеске арнған іс-шаралар

KASE эмитенттер, инвесторлар және капитал нарығына қатысушылар арасындағы ашық диалог алаңын дамытуды жалғастырады. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында "Эмитент күні" іс-шарасы аясында:

- 13 ақпанда необанк моделі бойынша жұмыс істейтін "MOST" микроқаржы ұйымы өз бизнесін және ШОБ-ты кредиттеу тәсілдерін таныстырды;
- 17 наурызда "ҚазТрансОйл" АҚ компанияның одан әрі даму жоспарларын жариялады;
- 30 наурызда "Кселл" АҚ 2025 жылғы қаржылық нәтижесі мен негізгі жетістіктерін таныстырды;
- 31 наурызда Jet Finance компаниясы 2025 жылғы қызметінің нәтижесі мен даму жоспарларын жариялады;
- 23 сәуірде "Innoforce" технологиялық холдингі қызметінің нәтижесі, листингтен өту тәжірибесі және дамудың стратегиялық пайымы туралы баяндады;
- 25 маусымда "KEGOC" АҚ 2025 жылғы және 2026 жылдың бірінші тоқсанындағы қызметінің негізгі қорытындысын ұсынды.

10 ақпанда Астана қаласында KASE Day in Astana аясында Биржаның серіктестерімен кездесу өтті. Іс-шара KASE тобының қызметінің қорытындысы мен іске асырылып жатқан жобалар туралы ақпарат ұсынуға арналды.

Маусым айында KASE өзінің KAST подкастын іске қосты. Бұл – қаржы нарығы, инвестиция және бизнес тақырыптарын талқылауға, сондай-ақ саланың сарапшыларымен негізгі үрдістер мен өзекті оқиғалар жөнінде ашық пікір алмасуға арналған алаң.

Оқыту материалдары

Сәуірде KASE алаңында корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (CSR) және орнықты корпоративтік басқару тақырыбында ашық сараптамалық сессия өтті.

12 мамырда KASE алаңында компанияларды жария капитал нарығына шығаруға дайындықтың негізгі аспектілеріне арналған "IPO-ға шығуға дайындық" семинары өтті.

14 мамырда KASE-де валюта тәуекелін басқару және бизнеске арналған хеджирлеудің практикалық құралдарына арналған семинар өтті.

15 мамырда Кредиттік серіктестіктер қауымдастығымен бірлесіп, кредиттік серіктестіктер мен шағын және орта бизнес (ШОБ) субъектілерінің бағалы қағаздар нарығы арқылы қаржыландыру тарту мүмкіндіктеріне арналған іс-шара өткізілді.

25 мамырда KASE Академиясы "Тәуекел, кірістілік және әртараптандыру" атты білім беру семинарын ұйымдастырды. Іс-шараның спикері BCC Invest компаниясының портфельдік менеджері Уәлихан Бикен болды.

Маусымда Алматы, Астана және Қарағанды қалаларында журналистерге арналған Capital Market Media Lab ақпараттық-білім беру семинарлары өтті. Олар қаржылық сауаттылыққа және нарықтық талдаумен жұмыс істеудің ерекшеліктеріне арналды.

Халықаралық ынтымақтастық

Қаңтарда KASE мен KACC Muscat Stock Exchange және Abu Dhabi Securities Exchange биржаларымен Tabadul Hub арқылы өңірлік және халықаралық нарықтармен байланыс орнату туралы келісімге қол қойды. Келісім аясында қабылданған уағдаластық лицензиясы бар брокерлік компанияларға MSX-те тіркелу мен аккредитациядан өтудің нақты рәсімдеріне сәйкес қосылған

нарықтарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл ретте сауда-саттыққа, ақпаратты ашып көрсетуге және қадағалауға қатысты қабылдаушы нарықтың ережелері қолданылады және әрбір нарықтың реттеушілік тәуелсіздігі сақталады.

Наурызда KASE мен S&P Global Ratings Қазақстандағы орнықты қаржыландыру нарығын дамытуға және қазақстандық эмитенттердің осы саладағы халықаралық сараптамаға қол жеткізуін кеңейтуге ықпал ететін ынтымақтастық туралы келісімге келді.

Армян қор биржасының (AMX) 25 жылдық мерейтойы күні KASE мен AMX арасында Өзара түсіністік туралы меморандумға ресми түрде қол қойылды. Бұл серіктестік ADX іске қосқан Tabadul Hub арқылы қаржы нарықтарының одан әрі интеграциялануына жол ашады.

2026 жылғы 29 мамырда KASE мен Shenzhen Stock Exchange (SZSE) Қазақстан мен Қытайдың капитал нарықтары арасындағы стратегиялық ынтымақтастықтың жаңа кезеңін бастайтын Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Жыл басынан бері акциялар нарығының капиталдандырылуы 21,9 % немесе 8,6 трлн теңгеге өсіп, 47,6 трлн теңгеге (97,9 млрд USD) жетті. Бұл ретте 2026 жылдың екінші тоқсанының қорытындысы бойынша акциялар нарығының капиталдандырылуы 2,7 % немесе 1,2 трлн теңгеге өсті. Екінші тоқсандағы өсімнің негізгі үлесі акциялар бағасының қымбаттауы есебінен KASE индексіне кіретін компанияларға тиесілі болды.

2026 жылғы маусымның соңындағы жағдай бойынша KASE-нің сауда-саттық тізімдерінде 75 эмитенттің 88 атаудағы акциялары, оның ішінде листингілік емес бағалы қағаздар секторында екі компанияның екі атаудағы акциялары болды.

2026 жылдың алты айында акциялармен жасалған сауда-саттық көлемі 225,9 млрд теңгені құрап, 2025 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 38,3 % немесе 62,5 млрд теңгеге өсті. Орташа күндік сауда-саттық көлемі 1,9 млрд теңге, орташа күндік мәміле саны 10 024, бір мәміленің орташа көлемі 191,0 мың теңге болды. Бірінші жартыжылдықта акциялар секторындағы сауда-саттық тек қайталама нарықта өтті.

2026 жылдың екінші тоқсанындағы сауда-саттық көлемі 2026 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 92,2 % немесе 71,3 млрд теңгеге өсіп, 148,6 млрд теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаттары ішінде жеке адамдардың үлесі акциялармен жасалған мәмілелердің жиынтық көлемінің 50,4%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 17,7%, басқа институттық инвесторлардың үлесі 3,5%, басқа заңды тұлғалардың үлесі 27,9% болды. Бейрезиденттердің үлесі – 11,4%.

KASE ИНДЕКСІ

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында KASE индексі өсуін жалғастырып, 21 сәуірдегі сауда-саттық қорытындысы бойынша 7 972,88 пункт деңгейінде кезекті тарихи ең жоғары мәнге жетті. Жыл басынан бері KASE индексі 9,7 % өсіп, 7 712,53 пунктті құрады. Бұл ретте 2026 жылдың екінші тоқсанында KASE индексі 0,3 % төмендеді.

Индекстік акциялармен жасалған сауда-саттықтың жалпы көлемі 142,9 млрд теңге болды. Сауда-саттықтың ең жоғары көлемі (29,4 млрд теңге) "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ-тың жай акцияларына тиесілі болды, бұл – индекстік акциялармен жасалған жалпы сауда-саттық көлемінің 20,6 %-ы*.

KASE индексінің іріктелген тізіміне кіретін акциялардың бағасының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	1 акцияның бағасы, KZT			Сауда-саттық көлемі, млн KZT		
		01.07.26	01.01.26	Δ, %	6А 2026	6А 2025	Δ
""ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ	KMGZ	33 990,00	21 720,00	+56,5	29 411,8	18 739,7	+10 672,1
""Қазатомөндіріс" ҰӨК" АҚ	KZAP	34 360,00	28 059,00	+22,5	27 145,2	6 863,7	+20 281,6
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	1 133,99	950,00	+19,4	13 534,2	7 991,4	+5 542,8
Kaspi.kz АҚ	KSPI	41 905,00	40 390,00	+3,8	8 991,0	6 180,8	+2 810,2
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	4 615,00	4 660,00	-1,0	10 811,6	8 422,9	+2 388,8
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	HSBK	362,80	371,59	-2,4	28 946,9	18 487,1	+10 459,8

"Кселл" АҚ	KCEL	3 234,00	3 383,00	-4,4	4 704,5	11 395,1	-6 690,6
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 444,70	1 555,00	-7,1	4 695,3	6 944,4	-2 249,1
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	40 050,00	43 390,00	-7,7	4 006,4	26 388,1	-22 381,7
"Эйр Астана" АҚ	AIRA	653,00	909,98	-28,2	10 633,6	5 121,3	+5 512,3

** ірі мәмілелерді және тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді есепке алмағанда*

2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша ең жоғары өсімді мұнай бағасының қымбаттауы аясында 56,5 % қымбаттаған **"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ-тың** жай акциялары көрсетті. Компанияның 2025 жылғы қаржылық есептілігіне сәйкес түсімі 12,5 % өсіп, 9,4 трлн теңгені құрады, ал таза пайда 2,0 % төмендеп, 1,1 трлн теңгені құрады. Өндірістік көрсеткіштер де оң серпін көрсетті: мұнай мен конденсат өндіру көлемі 10,0 % өсіп, 26,2 млн тоннаға, газ өндіру көлемі 19,8 % өсіп, 11,5 млрд текше метрге, мұнай өңдеу көлемі 9,5 % өсіп, 21 млн тоннаға жетті. Бұл ретте мұнай тасымалдау көлемі 0,2 % төмендеп, 83,3 млн тоннаны құрады. Компания акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында 2025 жыл қорытындысы бойынша жалпы сомасы 350 млрд теңге немесе бір жай акцияға 573,66 теңге мөлшерінде дивиденд төлеу туралы шешім бекітілді. Компанияның 2026 жылдың бірінші тоқсанындағы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес түсім 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 10,7 % өсіп, 2,5 трлн теңгені, ал таза пайда 93,8 % өсіп, 373,1 млрд теңгені құрады. 2026 жылдың бірінші тоқсанындағы өндірістік нәтижеге сәйкес мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 12,0 % төмендеп, 5 647 мың тоннаны, мұнай тасымалдау көлемі 0,8 % азайып, 20 761 мың тоннаны, ал мұнай өңдеу көлемі 2,8 % төмендеп, 4 992 мың тоннаны құрады.

Көшбасшылар тізімінде екінші орында бағасы 22,5 % өскен **"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-тың** жай акциялары тұр. Компанияның 2025 жылғы операциялық нәтижесіне сәйкес уран өндіру және сату көлемі 11 % өсті. Топ бойынша 2026 жылы өндіріс көлемін 27,5–29,0 мың тоннаға дейін, ал оны сату көлемін 19,5–20,5 мың тоннаға дейін ұлғайту жоспарланып отыр. 2025 жылғы шоғырландырылған есептілікке сәйкес компанияның түсімі 1,8 трлн теңгеге дейін 0,6 % төмендеді, ал таза пайдасы 806,7 млрд теңге болды. Компания акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы 2025 жыл үшін 335,2 млрд теңге немесе бір жай акцияға 1 292,27 теңге мөлшерінде дивиденд төлеуді бекітті. Компанияның 2026 жылдың бірінші тоқсанындағы операциялық нәтижесіне сәйкес өндіріс көлемі 9 % өссе, уран өткізу көлемі 40 % төмендеді. 2026 жылдың бірінші тоқсанындағы шоғырландырылған есептілікке сәйкес компанияның түсімі 28,1 % төмендеп, 154,2 млрд теңгені құрады, ал таза пайдасы 13,9 млрд теңге болды.

Өсу қарқыны бойынша үшінші орында бағасы 19,4 % өскен **"ҚазТрансОйл" АҚ-тың** жай акциялары тұр. 2025 жылы Компанияның мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі 47 млн тонна болды. Жеке алғанда "ҚазТрансОйл" АҚ-тың магистральдық мұнай құбырлары жүйесі арқылы 45 млн тонна мұнай тасымалданды, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 1 % артық және соңғы жеті жылдағы рекордтық көрсеткіш болып табылады. Компанияның 2025 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес өткен жылғы түсімі 14,6 % өсіп, 357,5 млрд теңгені, ал таза пайдасы 7,4 % өсіп, 45,6 млрд теңгені құрады. Компанияның 2026 жылдың бірінші тоқсанындағы өндірістік нәтижесіне сәйкес есепті кезеңдегі мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі 12 млн тоннаны құрады. Жеке алғанда "ҚазТрансОйл" АҚ-тың магистральдық мұнай құбырлары жүйесі арқылы 12 млн тонна мұнай тасымалданды. Компанияның 2026 жылдың бірінші тоқсанындағы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес компанияның түсімі 14,1 % өсіп, 89,0 млрд теңгеге, ал таза пайдасы 80,8 % өсіп, 16,9 млрд теңгеге жетті. Компания акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында 2025 жыл үшін жалпы сомасы 45,4 млрд теңге немесе бір жай акцияға 118 теңге мөлшерінде дивиденд төлеу туралы шешім бекітілді. Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі компанияның "BBB" деңгейіндегі кредиттік рейтингін растады, болжам – "Тұрақты".

Kaspi.kz АҚ-тың жай акцияларының бағасы 3,8 % өсті. 2025 жылғы шоғырландырылған қаржылық нәтижеге сәйкес компанияның өткен жылғы таза пайдасы 1,0 % өсіп, 1,1 трлн теңгеге, ал кірісі 59,8 % өсіп, 4,0 трлн теңгеге жетті. 2026 жылдың бірінші тоқсанында компанияның кірісі 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 31,5 % өсіп, 1,1 трлн теңгеге жетті, ал таза пайдасы 0,8 % төмендеп, 251,9 млрд теңгені құрады. Компания акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы 2025 жыл үшін бір жай акцияға 850 теңге мөлшерінде дивиденд төлеуді бекітті. Сонымен қатар компания акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы 2026 жылдың бірінші тоқсаны үшін бір жай акцияға 850 теңге мөлшерінде дивиденд төлеуді бекітті. Moody's Ratings халықаралық рейтинг агенттігі компанияның ұзақмерзімді рейтингін "Baa3" деңгейінде растады, болжам – "Тұрақты".

KASE GLOBAL СЕКТОРЫ

2026 жылғы маусымның соңындағы жағдай бойынша Биржаның сауда-саттық тізімдеріндегі "KASE Global" секторында шетелдік эмитенттердің 49 атаудағы акциялары, 25 ETF және 3 ADR болды.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында "KASE Global" секторында жалпы сомасы 139,5 млрд теңгеге мәміле жасалды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен үш еседен астам немесе 97,6 млрд теңгеге көп. Орташа күндік сауда-саттық көлемі 1 181,9 млн теңге, орташа күндік мәміле саны 1 518, бір мәміленің орташа көлемі 778,8 мың теңге болды.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында "KASE Global" секторында ең көп мәміле саны төменде көрсетілген акциялармен жасалды:

- ProShares Bitcoin Strategy ETF (BITO_KZ) – жалпы сомасы 20,5 млрд теңгеге 33 656 мәміле;
- NVIDIA Corp. (NVDA_KZ) – жалпы сомасы 11,4 млрд теңгеге 14 225 мәміле;
- Intel Corporation (INTC_KZ) – жалпы сомасы 18,2 млрд теңгеге 13 218 мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттары ішінде жеке адамдардың үлесі 30,9 %, банктердің үлесі 0,5 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 18,1 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 0,1 %-дан аз, өзге заңды тұлғалардың үлесі 50,5 % болды. Бейрезиденттердің қатысу үлесі 0,5 % деңгейінде бағаланады.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

2026 жылдың алты айының қорытындысы бойынша KASE-де сауда-саттық жасалған корпоративтік борыш көлемі 3,3 % немесе 542,0 млрд теңгеге өсіп, 16,8 трлн теңгені (34,6 млрд АҚШ доллары) құрады. Бұл ретте 2026 жылдың екінші тоқсанында корпоративтік борыш көлемі 0,4 % немесе 69,8 млрд теңгеге өсті.

2026 жылғы 01 шілдедегі жағдай бойынша KASE-нің сауда-саттық тізімдерінде 169 эмитенттің 765 шығарылымдағы корпоративтік облигациялары болды. Жыл басынан бері KASE-нің ресми тізіміне 54 эмитенттің (оның ішінде 19 жаңа эмитенттің) 150 облигация шығарылымы енгізілді. Оның ішінде 2026 жылдың екінші тоқсанында 37 эмитенттің (оның ішінде он бір жаңа эмитенттің) 79 облигация шығарылымы листинг рәсімінен өтті.

KASE_BMY индексі (негізгі алаңдағы корпоративтік облигациялар кірістілігінің индексі) жыл басынан бері 1 б.п.-ке төмендеп, жылдық 16,50 % деңгейіне жетті.

Алты айда сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2,8 трлн теңгені құрап, 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 24,7 % немесе 554,5 млрд теңгеге өсті. Орташа күндік сауда-саттық көлемі 23,8 млрд теңге (қайталама нарықта – 4,7 млрд теңге), орташа күндік мәміле саны 1 210 (қайталама нарықта – 1 162), бір мәміленің орташа көлемі 19,6 млн теңге (қайталама нарықта – 4,0 млн теңге) болды.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында 41 эмитент жалпы сомасы 2,3 трлн теңгеге 107 облигация шығарылымын орналастырды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 19,8 % немесе 372,3 млрд теңгеге жоғары. Оның ішінде екінші тоқсанда орналастыру көлемі 1,6 трлн теңгені құрады – 35 эмитент 66 облигация шығарылымын орналастырды:

Эмитент	Шығарылым саны	Номиналдың валютасы	Тартылған қаражат көлемі, млрд KZT	Кірістілік	Өтеуге дейінгі мерзім
"Бәйтерек" ұлттық инвестициялық холдингі" АҚ	3	KZT	300,0	17,20-17,90%	1,0-1,1
	1	USD	8,3	5,38%	7
“Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі” АҚ	2	KZT	100,0	17,50%	5
"Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ	8	KZT	75,0	16,19-17,00%	0,8-2
“Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ	2	KZT	70,0	17,29-17,88%	5
"Қазақстан Тұрғын үй компаниясы" АҚ	1	KZT	50,0	16,99%	7
"QazaqGaz" ұлттық компаниясы" АҚ	1	USD	37,9	5,88%	10
BI Development Ltd. жеке компаниясы	3	KZT	29,1	20,00%	2
"KMF Банк" АҚ	3	KZT	24,2	21,00%	2-2
"ҚазАгроФинанс" АҚ	1	KZT	23,5	17,50%	3

"Home Credit Bank" АҚ ("Forte Bank" АҚ ЕБ)	4	KZT	9,5	18-19%	2-3
"R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС	2	KZT	5,2	23,00%	2-3
	2	USD	0,9	10,00-11,00%	0,5-1
"MyCar Finance" МҚҰ" ЖШС	1	KZT	4,8	21,00%	2
"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" АҚ	1	USD	4,1	5,00%	5
"Capital Leasing Group (Капитал Лизинг Груп)" ЖШС	2	KZT	4,1	23,00%	3
"Swiss Capital (Свисс Капитал) " МҚҰ" ЖШС	1	KZT	3,0	23,50%	3
"Orbis Leasing" ЖШС	1	KZT	2,0	22,00%	2
"Сейф-Ломбард" ЖШС	1	KZT	2,0	21,50%	2
"TAS FINANCE GROUP" (ТАС ФИНАНС ГРУПП) МҚҰ" ЖШС	1	USD	1,8	10,00%	1
	1	KZT	1,6	22,00%	1

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында банктердің үлесі 22,3 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 1,9%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 23,2%, өзге заңды тұлғалардың үлесі 51,4%, жеке адамдардың үлесі 1,3% болды. Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 1,8%.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 49,3 % немесе 182,2 млрд теңгеге өсіп, 551,6 млрд теңгеге жетті. 2026 жылдың екінші тоқсанында сауда-саттық көлемі 370,6 млрд теңгені құрап, 2,0 есе артты.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесі 18,9 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 3,4 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 14,1 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 48,8 %, жеке адамдардың үлесі 14,9 % болды. Бейрезиденттердің үлесі – 9,2%.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

2026 жылдың алты айының қорытындысы бойынша KASE-де сауда-саттық жасалатын мемлекеттік борыштың номиналдық сомасы жыл басынан бері 13,8 % немесе 4,4 трлн теңгеге өсіп, 36,3 трлн теңгені (74,6 млрд АҚШ доллары) құрады. 2026 жылдың екінші тоқсанында мемлекеттік борыш көлемі 3,2 % немесе 1,1 трлн теңгеге ұлғайды.

KASE-дегі мемлекеттік бағалы қағаздармен жасалған сауда-саттықтың жиынтық көлемі 4,8 трлн теңгені құрап, 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6,2 % немесе 279,7 млрд теңгеге өсті. Алты айдың қорытындысы бойынша орташа күндік сауда-саттық көлемі 40,8 млрд теңге (қайталама нарықта – 11,1 млрд теңге), орташа күндік мәміле саны 21 (қайталама нарықта – 16), бір мәміленің орташа көлемі 1,9 млрд теңге (қайталама нарықта – 0,7 млрд теңге) болды.

Мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 4,9 % немесе 162,9 млрд теңгеге өсіп, 3,5 трлн теңгеге жетті. Оның ішінде мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберіндегі іс-шараларды қаржыландыру мақсатында 17 облыстың, Астана және Шымкент қалаларының әкімдіктері жылдық 0,35–19,18 % мөлшерлемемен 267,7 млрд теңге тартты. Қаржы министрлігі жылдық 14,00–19,18 % мөлшеріндегі өтеуге дейінгі кірістілікпен, өтеу мерзімі 0,8 жылдан 14,0 жылға дейінгі 24 шығарылымды (оның ішінде жеті жаңа шығарылым және ірілендірілген 17 шығарылым) орналастырып, 3,2 трлн теңге тартты.

2026 жылдың екінші тоқсанында орналастыру көлемі 1,9 трлн теңгені құрады, бұл 2026 жылдың бірінші тоқсанында орналастырылған көлемнен 19,3 % көп. Оның ішінде әкімдіктер 234,4 млрд теңге, ал Қаржы министрлігі 1 666,7 млрд теңге тартты. Қаржы министрлігінің орналастыру аукциондарындағы мөлшерлемелер жылдық 14,19–19,18 % аралығында қалыптасты.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 9,8 % немесе 116,8 млрд теңгеге ұлғайып, 1,3 трлн теңгені құрады. Қайталама нарықтағы сауда-саттықтың жалпы көлемінде Ұлттық Банктің ноталарымен жасалған сауда-саттықтың үлесі 17,3 % немесе 227,7 млрд теңге3,2, МЕКАМ-ның үлесі 71,8 % немесе 943,5 млрд теңге, Қазақстан Республикасының еурооблигацияларының үлесі 6,3 % немесе 83,2 млрд теңге болды. Қалған көлем шет мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелерге тиесілі болып, 4,5 % немесе 59,1 млрд теңгені құрады.

2026 жылдың екінші тоқсанында қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 690,4 млрд теңгені құрады. Бұл ретте қайталама нарықтағы сауда-саттықтың жалпы көлемінде Ұлттық Банктің ноталарымен жасалған сауда-саттықтың үлесі 11,6 % немесе 79,8 млрд теңге, МЕКАМ-ның үлесі 82,4 % немесе 569,0 млрд теңге, Қазақстан Республикасының еурооблигацияларының үлесі 5,4 % немесе 37,6 млрд теңге болды. Қалған көлем шет мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелерге тиесілі болып, 0,6 % немесе 4,0 млрд теңгені құрады.

2026 жылдың алты айында МБҚ қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесі 45,4 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 3,4 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 13,0 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 36,2 %, жеке адамдардың үлесі 2,1 % болды. Бейрезиденттердің үлесі – 26,5%.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ (ХҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есепті кезеңнің соңында KASE-нің сауда-саттық тізімдерінде жеті халықаралық қаржы ұйымының 59 облигация шығарылымы болды: Еуразиялық даму банкінің 25 шығарылымы, Еуропалық қайта құру және даму банкінің 13 шығарылымы, Азия даму банкінің 12 шығарылымы, Халықаралық қайта құру және даму банкінің төрт шығарылымы, Халықаралық қаржы корпорациясының екі шығарылымы, Еуропалық инвестициялық банктің екі шығарылымы және Жеке секторды дамыту жөніндегі ислам корпорациясының бір шығарылымы.

2026 жылдың басынан бері ресми тізімге екі халықаралық қаржы ұйымының 11 облигация шығарылымы енгізілді: Еуразиялық даму банкінің 10 шығарылымы және Азия даму банкінің бір шығарылымы.

2026 жылдың алты айында сауда-саттық көлемі 377,1 млрд теңгені құрады, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңінің нәтижесінен 71,5 % немесе 157,2 млрд теңгеге жоғары.

Бастапқы нарықта сауда-саттық көлемі 280,4 млрд теңгені құрап, 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 62,0 % немесе 107,4 млрд теңгеге өсті. Бұл ретте 2026 жылдың екінші тоқсанының қорытындысы бойынша орналастыру көлемі бірінші тоқсанмен салыстырғанда 14,9 % төмендеп, 128,9 млрд теңгені құрады. Жалпы екі эмитенттің төрт облигация шығарылымы орналастырылды:

- Азия даму банкі үш жылдық халықаралық облигацияларын жылдық 16,50 % мөлшерлемемен орналастырып, 20,0 млрд теңге тартты;
- Еуразиялық даму банкі облигациялардың үш шығарылымын орналастырып:
  - 16,25–17,25 % мөлшеріндегі өтеуге дейінгі кірістілікпен өтеу мерзімі үш ай болатын екі облигация шығарылымын орналастыру арқылы 65,5 млрд теңге;
  - жылдық 5,50 % мөлшерлемемен үш жылдық облигацияларды орналастыру арқылы 88,7 млн АҚШ доллары (43,4 млрд теңге баламасы) көлемінде қаражат тартты.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесі 62,3 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 0,5 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 9,3 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 27,0 %, жеке адамдардың үлесі 0,9 % болды. Бейрезиденттердің үлесі – 0,4%.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 96,7 млрд теңге болды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,1 есе немесе 49,9 млрд теңгеге көп. 2026 жылдың екінші тоқсанында сауда-саттық көлемі 78,8 млрд теңгені құрап, 2026 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 4,4 есе өсті.

2026 жылдың алты айында қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесі 69,4 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 0,2 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 2,3 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 27,1 %, жеке адамдардың үлесі 1,1 % болды. Бейрезиденттердің қатысу үлесі 49,8 % деңгейінде бағаланады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ПАЙЛАРЫ

2025 жылғы 01 шілдедегі жағдай бойынша "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында бес басқарушы компанияның басқаруындағы инвестициялық пай қорларының 19 құралы және 3 ETF болды. 2026 жылдың басынан бері ресми тізімге "BCC Invest" АҚ-тың басқаруындағы "BCC Euro" аралық инвестициялық пай қорының пайлары, KASE индексіне негізделген ETF және MBM Index KASE ETF енгізілді.

Есепті кезеңде сауда-саттық көлемі 5,3 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі нәтижеден 29,6 % немесе 2,2 млрд теңгеге төмен.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде жеке адамдардың үлесі 64,9 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 24,2 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 3,8 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 7,1 % болды. Бейрезиденттердің қатысу үлесі 1,3 % деңгейінде бағаланады.

ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2026 жылғы 01 шілдедегі жағдай бойынша KASE-нің ресми тізімінде базалық активтері "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ, Kaspi.kz АҚ және "Эйр Астана" АҚ жай акциялары болып табылатын төрт шығарылымның жаһандық депозитарлық қолхаттары (ЖДҚ) болды.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында сауда-саттық көлемі 3,9 млрд теңгені құрап, 2025 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 37,9 % немесе 2,4 млрд теңгеге төмендеді.

Негізгі санаттар бөлінісінде инвесторлардың 27,2%-ы жеке адамдар, 17,0%-ы брокерлік-дилерлік ұйымдар, 55,8%-ы өзге заңды тұлғалар. Бейрезиденттердің үлесі – 18,1%.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫ НАРЫҒЫ

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында шетел валютасы нарығындағы сауда-саттық көлемі 31,5 трлн теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 51,8 % немесе 10,8 трлн теңгеге өсті. Бірінші жартыжылдықтағы орташа күндік сауда-саттық көлемі 267,1 млрд теңге, орташа күндік мәміле саны 1 766, бір мәміленің орташа көлемі 151,3 млн теңге болды.

Төмендегі кестеде KASE-де саудаланатын валюта жұптарының негізгі сипаттамасы көрсетілген (сауда-саттық көлемінің, сауда-саттық көлеміндегі үлесінің және мәміле санының өзгеруі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстыра отырып көрсетілген; бағамның өзгеруі жыл басымен салыстыра отырып, шетел валютасының теңгеге қатысты орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгерісін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәміле саны	Мин. және макс. бағамдар, базалық бірлікке шаққандағы баға белгіленетін валюта саны	Ай соңындағы бағам (өзг. %)
USD/KZT	48 494,3 (+61,5 %)	74,6% (+0,6 %)	132 703 (+48 710)	455,20-515,50	479,98 (-5,1 %)
RUB/KZT	864 042,3 (+36,8 %)	17,5% (-0,5 %)	66 788 (+47 189)	5,5400-6,8991	6,1672 (-2,4 %)
CNY/KZT	11 381,8 (x2,3)	2,6% (+0,8 %)	4 085 (+2 307)	66,6710-73,7700	70,8897 (-1,7 %)
EUR/KZT	464,5 (-32,0 %)	0,8% (-1,0 %)	1 779 (+29)	530,24-605,29	545,53 (-8,3 %)
AED/KZT	123,0 (–)	0,1% (–)	68 (–)	125,90-134,46	130,2324 (+3,4 %)
EUR/USD	1 357,3 (x2,4)	2,4% (+0,9 %)	1 731 (+731)	1,1340-1,2023	1,1397 (-3,2 %)
USD/CNY	1 343,3 (+11,8 %)	2,1% (-0,9 %)	1 189 (+676)	6,7301-6,9813	6,7897 (-2,9 %)
USD/AED	927 208,9 (–)	0,0% (–)	24 (–)	3,6721-3,6742	3,6727 (-0,02 %)

АҚША НАРЫҒЫ

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 222,1 трлн теңгені құрап, 2025 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 50,0 % немесе 74,0 трлн теңгеге өсті.

USD/KZT валюталық своп операциялары және бір жұмыс күніне ашылған МБҚ автоматты репо операциялары бойынша мәміле көлемі арқылы орташа сараланған кірістілік мәнін көрсететін

MM_Index ақша нарығының композиттік индикаторы 2026 жылғы маусымның соңына қарай 29 базистік пунктке өсіп, жылдық 15,00 %-дан 15,29 %-ға дейін жетті.

РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫ НАРЫҒЫ

Осы сегменттегі сауда-саттық көлемі 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында 173,1 трлн теңгені құрады, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңіндегі көлемнен 56,0 % немесе 62,2 трлн теңгеге көп. Орташа күндік операциялар көлемі 1 467,0 млрд теңге, орташа күндік мәміле саны 757, бір мәміленің орташа көлемі 1 937,6 млрд теңге болды. 2026 жылдың екінші тоқсанында сауда-саттық көлемі 90,9 трлн теңгені құрап, 2026 жылдың бірінші тоқсанындағы көлемнен 10,6 % немесе 8,7 трлн теңгеге жоғары болды.

МБҚ-мен жасалған авторепо бойынша сауда-саттық көлемі 132,9 трлн теңге немесе репо операцияларының жалпы көлемінің 76,8 %, МЕБҚ-мен жасалған авторепо көлемі 37,7 трлн теңге немесе 21,8 %, МЕБҚ-мен жасалған тікелей репо көлемі 1,9 трлн теңге немесе 1,1 %, ККС-мен жасалған авторепо көлемі 574,3 млрд теңге немесе 0,3 %, ал МБҚ-мен жасалған тікелей репо көлемі 46,1 млрд теңге немесе 0,1 %-дан аз болды.

Маусым айының соңына қарай TONIA индикаторы (Биржада МБҚ қоржынындағы бағалы қағаздармен автоматты репо секторында жасалған бір жұмыс күні мерзіміне репоны ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме) 76 базистік пунктке, жылдық 17,00 %-дан 16,24 %-ға дейін төмендеді.

TRION индикаторы (Биржа орталық контрагенттің қызметін пайдалана отырып клирингілік қызметті жүзеге асыратын МБҚ қоржынындағы бағалы қағаздармен автоматты репо секторында күн ішінде жасалған бір жұмыс күні мерзіміне репоны ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме) да 75 базистік пунктке, жылдық 16,97 %-дан 16,22 %-ға дейін төмендеді.

TWINA индикаторы (Биржа орталық контрагенттің қызметін пайдалана отырып клирингілік қызметті жүзеге асыратын МБҚ қоржынындағы бағалы қағаздармен автоматты репо секторында жасалған жеті жұмыс күні мерзіміне репоны ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме) 26 базистік пунктке, жылдық 17,02 %-дан 16,76 %-ға дейін төмендеді.

ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП ОПЕРАЦИЯЛАРЫ НАРЫҒЫ

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында валюталық своп операциялары нарығындағы сауда-саттық көлемі 48,9 трлн теңгені құрады, бұл 2025 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 31,8 % немесе 11,8 трлн теңгеге көп. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында операциялардың орташа күндік көлемі 414,8 млрд теңге, орташа күндік мәміле саны 105, бір мәміленің орташа көлемі 4,0 млрд теңге болды.

Валюта жұбы	Құрал	Көлемі, млрд KZT	Көлемі, млн. валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %
USD/KZT	USDKZT_0_001	19 009,3	38 988,6	38,8%
	USDKZT_0_002	21 582,0	44 295,7	44,1%
	USDKZT_1_001	201,4	428,3	0,4%
	USDKZT_0_01W	603,2	1 231,9	1,2%
	USDKZT_0_01M	69,9	146,5	0,1%
	USDKZT_0_03M	3,3	6,9	<0,1%
EUR/KZT	EURKZT_0_001	0,1	0,2	<0,1%
	EURKZT_1_001	5,4	9,6	<0,1%
RUB/KZT	RUBKZT_0_001	5 211,0	810 112,1	10,6%
	RUBKZT_0_002	1 837,1	294 650,0	3,8%
	RUBKZT_1_001	146,4	22 751,6	0,3%
EUR/USD	EURUSD_0_001	0,8	1,3	<0,1%
	EURUSD_0_002	0,6	1,0	<0,1%
	EURUSD_1_001	265,7	468,8	0,5%
CNY/KZT	CNYKZT_0_001	0,3	4,2	<0,1%
	CNYKZT_1_001	9,9	139,8	<0,1%
USD/AED	USDAED_1_001	<0,1	<0,1	<0,1%

SWAP-1D (USD) бір күндік долларлық своп индикаторының кірістілігі жыл басынан бері 992 базистік пунктке өсіп, маусымның соңында жылдық 12,82 %-ға жетті. SWAP-2D (USD) екі күндік валюталық своп индикаторының кірістілігі жыл басынан бері жылдық 12,57 %-ға дейін 1 055 базистік пунктке өсті.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Қазіргі уақытта биржа нарығының осы секторында АҚШ долларының теңгеге бағамына, Ресей рублінің теңгеге бағамына, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ-тың жай акцияларына, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-тың жай акцияларына және KASE индексіне негізделген жеткізусіз фьючерстермен сауда-саттық жасауға болады.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында АҚШ долларының теңгеге бағамына және Ресей рублінің теңгеге бағамына негізделген фьючерстермен 149 мәміле жасалды. Мәмілелердің жалпы сомасы 2,3 млрд теңге болды.

Анықтама үшін:

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) – Орта Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы. KASE бағалы қағаздармен жасалған сауда-саттық көлемі жөнінен ТМД биржалары арасында екінші орында және акция нарығын капиталдандыру көлемі жөнінен FEAS биржалары арасында бесінші орында (2025 жылдың қорытындысы бойынша).

Ол – корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары, шетел валютасы, ақша нарығындағы репо және своп операциялары, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE – Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржалары орнықты даму үшін" бастамасына қатысушы.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.